

Микронесие беру туралы Шарттың типтік
нысандарының №1 қосымшасы
«Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» МҚҰ» ЖШС
Президент 2018 жылғы 27 желтоқсан күні
№ 05-ММ-18 бұйрығымен бекітілді

АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

1. Шартта өзгесі тікелей қарастырылмаса, осы Шартта және оның Қосымшаларда қолданылатын барлық терминдер мен анықтамалар келесі мағынаға ие:

<p>«Жылдық Тиімді Сыйақы Мөлшерлемесі»</p>	<p>Сыйақыны, бар болса, комиссиялық және басқа төлемдерді қамтитын, Микронесие беру, қызмет көрсету және өтеу (қайтару) үшін ТФС төленуі тиіс басқа төлемдерді қамтитын Микронесие алушының шығыстарын есепке ала отырып есептелетін, Микронесие бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшерлемесі. Жылдық Тиімді Сыйақы Мөлшерлемесі Қолданыстағы заңнамаға сәйкес есептеледі.</p>
<p>«Сатып алу-сату шарты»</p>	<p>Сатып алушы ретінде Микронесие алушы мен сатушы ретіндегі Дилердің арасында тиісті түрде Көлік құралын сатып алу-сатуға қатысты жасалған Сатып алу-сату шарты</p>
<p>«Микронесие беру туралы шарт»</p>	<p>Осы Шарт</p>
<p>«Дилер»</p>	<p>Toyota немесе Lexus маркалы автомобильдерді сату бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға</p>
<p>«Микронесие»</p>	<p>Микронесие сомасын Дилердің ағымдағы шотына аудару арқылы Көлік құралын сатып алу мақсатында, сақтандыру компаниясының(ларының) ағымдағы шоттарына аудару арқылы міндетті/ерікті сақтандыру (егер қолданылатын болса) шарттары бойынша сақтандыру сыйақысы сомасын төлеу және/немесе Көлік құралын сатып алу, сонымен қатар ұсыну сәтінде ұстап қалу арқылы ТФС комиссияларын төлеу (егер қолданылатын болса) мақсатында ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттары негізінде ТФС тарапынан Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен берілген ақша.</p>
<p>«Кепіл»</p>	<p>Кепіл беруші ретінде Микронесие алушы және кепіл ұстаушы ретінде ТФС арасында жасалған автокөлік құралын кепілге қою шартына сәйкес Көлік құралын кепілге қою, сондай-ақ Микронесие алушының немесе үшінші тұлғаның Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерінің қосымша қамсыздандыруы ретінде немесе Кепіл нысанын ауыстырған жағдайда ұсынған өзге нысанды кепілге қою.</p>

«Қолайсыз жағдайлар»	Шарттың жасалуына дейін туындаған үшінші тұлғалардың Көлік құралын айдап әкетуі, ұрлауы, оған қатысты кепілдік құқықтары, тыйым салулар немесе өзге де ауыртпалықтар немесе талаптар, сот, арбитраж немесе өзгелердің шешімдері немесе мемлекеттік органдардың актілері, сондай-ақ нәтижесінде Дилердің немесе Микронесие алушының Көлік құралына иелік етуі заңсыз болып табылатын немесе Дилердің немесе Микронесие алушының Көлік құралына меншік құқығын даулау қаупі бар өзге де әрекеттер мен оқиғалардың айқындалуы.
«Микронесие беру ережелері»	Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әзірленген және микронесие беру қағидаларын, рәсімдері мен талаптарын анықтайтын ТФС ішкі ережелері
«Кепіл нысаны»	Микронесие беру туралы шарт шеңберінде берілген Микронесие сомасының есебінен сатып алынатын және кепіл беруші ретінде Микронесие алушы мен кепіл ұстаушы ретінде ТФС арасында жасалған автокөлік құралын кепілге қою шартына сәйкес Микронесие алушының Микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін қамсыздандыру үшін кепілге ұсынылған Көлік құралы, сондай-ақ Микронесие алушының немесе үшінші тұлғаның Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелеріне қосымша қамсыздандыру ретінде немесе Көлік құралы ауыстырылған кезде ұсынған өзге мүлігі
«ТФС өкілі»	ТФС тарапынан сенімхат және/немесе өзге де құжат негізінде Микронесие алушыдан құжаттар қабылдауға, ТФС атынан шарттарға қол қоюға, Микронесие алушыларға Өтеу кестелерін беруге, сондай-ақ сенімхатта және/немесе өзге де құжатта қарастырылған өзге де әрекеттерді жасауға өкілеттік берілген жеке тұлға. ТФС өкілі Дилердің ғимаратында/бөлмесінде орналасады.
«Қолданылатын заңнама»	Микронесие беру туралы шартқа қол қойылған кезде қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасы
«Қосалқы микронесие алушы»	Микронесие алушымен бірге шартқа қол қоятын, алынған Микронесиені қайтару бойынша міндеттемелерді, сондай-ақ Микронесие бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеуді міндеттемелерді орындауды қоса алғандағы, бірақ бұлармен шектелмейтін Микронесие алушымен бірге осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы үшін ортақ жауапкершілік көтеретін жеке тұлға.
«Тараптар»	Микронесие алушы, Қосалқы микронесие алушы (бар болса) және ТФС. «Тарап» олардың әрқайсысын білдіреді.
«Көлік құралы»	Микронесие беру туралы шартта көрсетілген бір немесе бірнеше көлік құралы және олардың ажырамас жақсартылулары

2. Контекстте басқаша көрсетілмесе, жекеше түрде берілген терминдер мен анықтамаларға жасалған кез келген сілтемелер көпше түрдегі терминдер мен анықтамаларға жасалған және керісінше сілтемелерді де білдіреді.

«Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» МҚҰ» ЖШС
 Қазақстан, Алматы қ., А05F8Y4, Наурызбай батыр к., 17, 302-кеңсе
 Клиенттерді қолдау қызметі: + 7 727 244 45 45
 www.toyota.kz, www.lexus.kz, +7 727 244 45 61

3. Тікелей өзгесі көрсетілмесе, бапқа, тармаққа жасалған сілтеме осы Шарттың бабына немесе тармағына жасалған сілтеме болып табылады.
4. Тақырыпшалар сілтеме жасауға ыңғайлы болу үшін келтірілген және осы Шартты түсіндіру үшін қолданылмайды.

Микронесие беру туралы Шарттың типтік
нысандарының №2 қосымшасы
«Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» МҚҰ» ЖШС
Президент 2018 жылғы 27 желтоқсан күні
№ 05-ММ-18 бұйрығымен бекітілді

ҮЛГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер.

- 1.1. Осы Шарт преамбулада көрсетілген Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Микронесие алушының осы Шарт бойынша ТФС алдындағы барлық міндеттемелерін толық орындауына дейін немесе Қолданылатын заңнамамаға сәйкес Шартты тоқтатудың өзге негіздемелері орын алғанға (туындағанға) (бұлардың қайсысы бұрын орын алуына байланысты) дейін күшінде болады.
- 1.2. Қолданылатын заңнамада және осы Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда осы Шартты орындаудан біржақты бас тартуға және осы Шартты біржақты өзгертуге, толықтыруға және/немесе бұзуға жол берілмейді.
- 1.3. Осы құжат арқылы Тараптар Микронесие алушы мен Қосалқы микронесие алушы бірге бұдан әрі осы Шарттың мәтіні бойынша Микронесие алушы деп аталатын бір Тарап болып табылады деп келісті, бұл ретте Микронесие алушының барлық құқықтары мен міндеттері Микронесие алушыға да, Қосалқы микронесие алушыға да теңдей дәрежеде қатысты. Микронесие алушы мен Қосалқы микронесие алушы осы Шартта қарастырылған талаптарды толық көлемде орындайды және міндеттерін толық көлемде көтереді, сондай-ақ осы Шарт бойынша ортақ жауапкершілік көтереді. Микронесие алушыға жасалған барлық сілтемелер бірге алынған Микронесие алушы мен Қосалқы микронесие алушыны да, олардың әрқайсысын жеке-жеке де білдіреді.

2. Микронесие беру тәртібі.

- 2.1. Микронесие Дилердің және қолданылатын болса, сақтандыру компаниясының (компанияларының) ағымдағы шотына Микронесие сомасын аудару арқылы беріледі.
- 2.2. Осы Шартқа сәйкес Дилердің шотына және қолданылатын болса, сақтандыру компаниясының (компанияларының) шотына ақша аударылған күн Микронесие берілген күн болып табылады. Ақшаның Өтеу шоттарына келіп түскен күні Микронесиенің қайтарылу күні болып табылады. Микронесие берілген күн және толық көлемде қайтарылған күн 1 (бір) күн деп қабылданады, бұл орайда бір жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге, бір ай 30 (отыз) күнге тең деп қабылданады.
- 2.3. Микронесиені пайдалану сыйақысы Микронесиенің нақты қалдық өтелінбеген сомасына (оның ішінде кешіктірілген Негізгі борыш сомасына) Микронесие берілген күннен бастап Микронесиені нақты қолдану күндерінің мөлшері үшін, бұл ретте 1 жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге, ал 1 ай 30 (отыз) күнге тең болып саналады, күнделікті есептелінеді.
- 2.4. Егер Негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түсетін болса, Микронесие бойынша төлем осы күннен кейінгі бірінші жұмыс күніне ауысады және де Өтеу кестесінде көрсетіледі.

- 2.5. Осы құжат арқылы Микронесие алушы ТФС Қолданылатын заңнамада белгіленген тәртіппен және шарттармен оның Микронесие алушы және осы Шарттың жасалуы туралы мәліметтерді, сондай-ақ Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауымен байланысты (соның ішінде Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін қамсыздандыру құрамы және тәсілдері туралы) ақпаратты «Бірінші несие кеңсесі» ЖШС, «Мемлекеттік несие кеңсесі» АҚ және өзге де несие бюроларының (бұдан әрі – «**Несие кеңселері**») деректер базасына тіркеу үшін ұсынуына және ТФС Микронесие алушы туралы несиелік есеп берулерді алуына келісімін береді.
- 2.6. Осы құжат арқылы Микронесие алушы ТФС коммерциялық құпияны, микронесие беру құпиясын және Қолданылатын заңнама арқылы қорғалатын өзге кез келген құпияны үшінші тұлғалардың пайдасына ашуға шартсыз, мерзімсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді. Сонымен бірге Қарыз алушы коммерциялық құпияны, Микронесиені ұсыну құпиясын және Қолданылатын заңнама бойынша кез келген басқа құпияны кез келген үшінші жақтарға ашуға ТФС-ке қазіргі жазбаша келісімін ТФС бөлмесінде өзінің қатысуымен өткен осы Шартқа қол қою кезінде Қолданылатын заңнама бойынша белгіленген тәртібімен берді деп куәландырады.

3. Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін лайықты орындауын қамтамасыз ету.

- 3.1. Осы Шарт бойынша Микронесие алушының міндеттемелерін лайықты орындауының қамсыздандырылуы келесілер болып табылады:
- (i) автокөлік құралын кепілге қою шартының талаптарымен Көлік құралын кепілге қою;
 - (ii) осы Шартта және автокөлік құралын кепілге қою шартында белгіленген талаптармен Көлік құралын сақтандыру;
 - (iii) осы Шартта қарастырылған айып (айыппұл, өсімақы);
 - (iv) Микронесие алушының өзге сақтандыру мүддесін ТФС пайдасына сақтандыру.
- 3.2. ТФС көзқарасы тұрғысынан осы Шарттың жарамдылық мерзімінің ішінде қамсыздандыруды ұсынған тұлғалардың бірінің төлем қабілеттілігі нашарлаған жағдайда немесе ТФС автокөлік құралын кепілге қою шарты бойынша құқықтарының әрекеті тоқтаған кезде, жарамсыз болып қалған кезде, жүзеге асыру мүмкін емес болған кезде мұндай мүмкін еместіктің орын алуының себептеріне қарамастан, сондай-ақ ТФС көзқарасы тұрғысынан Кепіл нысанының өзге де нашарлауы жағдайында Микронесие алушы ТФС бірінші талап етуі бойынша ТФС пікірі бойынша Микронесие алушының осы Шарт бойынша төлем міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін қажетті түрдегі және мөлшердегі қосымша қамсыздандыруды ұсынуға міндетті. Кепіл нысаны ТФС жауап бермейтін мән-жайларға байланысты жоғалған немесе оның күйі мен күтім жағдайлары нашарлаған күнде ТФС Микронесие алушыдан ТФС талабында қарастырылған мерзім ішінде Микронесие сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды және тиісті сыйақыны төлеуді талап етуге құқылы. Осы пункттің ережелері Микронесие алушының осы үлгі ережелері қарастырылған өзге негіздемелер бойынша ТФС бүкіл Микронесие сомасын қайтару міндеттемесіне әсер етпейді.

- 3.3. Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында ТФС Микронесие алушының Қолданылатын заңнамада белгіленген тәртіппен өндіріп алуға болатын кез келген мүлігін өндіріп алуға құқылы.
- 3.4. Тараптар осы құжат арқылы Микронесиеда қайтару бойынша және Кепіл нысанын сату бойынша шығыстарды қоса алғанда ТФС бүкіл шығыстары Микронесие алушы тарапынан өтеледі деп шартсыз келісті.
- 3.5. Егер Микронесие беру туралы шарт бұған дейін жүрілген Көлік құралына қатысты жасалған болса, осы арқылы Қарыз алушы Дилердің Қолайсыз жағдайлар үшін жауаптылығына қатысты Сатып алу-сату шартындағы сатушы қызметін атқаратын Дилердің алдындағы өзінің барлық құқықтарын (талаптарын) ТФС-ның пайдасына береді («Беру»). Қарыз алушы осы Шарт жасасу сәтінен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде ТФС-ға Дилердің мұндай Беруге келісетіндігін растайтын, Дилердің қолы қойылған Беру туралы жазбаша хабарламасының көшірмесін беруге міндетті. Егер осы Шарт сәйкес жүзеге асырылған Беру әрекетіне қарамастан, Дилер Қолайсыз жағдайлар туындаған кезде Дилер тарапынан Қарыз алушының пайдасына төленуі тиіс қандай да бір сомаларды төлейтін болса, Қарыз алушы мұндай сомалар алынған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларды осы Шарт бойынша Өтеу мақсатында өтеуге арналған шоттарға толық көлемде аударуға міндетті.

4. Микронесиені өтеу тәсілі.

- 4.1. Микронесие қолма-қол ақшасыз тәртіппен, бөліктермен, өтеу кестесіне сәйкес (осы Шарттың №3 қосымшасы) өтелді.

5. Микронесие бойынша берешекті өтеудің кезектілігі.

- 5.1. Осы шарт Микронесие бойынша берешекті өтеудің мына кезектілігін қарастырады:
 - 5.1.1. Микронесие алушының осы Шарт бойынша жүргізген төлемінің сомасы, егер Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса:
 - негізгі микронесие бойынша берешек;
 - сыйақы бойынша берешек;
 - осы Шартта белгіленген мөлшердегі айып (айыппұл, өсімақы);
 - ағымдағы төлемдер кезеңі үшін негізгі микронесиедың сомасы;
 - ағымдағы төлемдер кезеңі үшін есептелген сыйақы;
 - Микронесие беру мен жүргізуіне байланысты оның өндіріп алынуға тиісті комиссиялық және басқа да төлемдер;
 - ТФС орындауды қабылдау бойынша шығыстары.
 - 5.1.2. мерзімі кешіктірілген үздіксіз жалғасқан 180 (бір жүз сексен) күнтізбелік күн өткеннен кейін Микронесие алушының осы Шарт бойынша жүргізген төлемінің сомасы, егер Микронесие алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса:
 - негізгі микронесие бойынша берешек;
 - сыйақы бойынша берешек;
 - ағымдағы төлемдер кезеңі үшін негізгі микронесие сомасы;

- ағымдағы төлемдер кезеңі үшін есептелген сыйақы;
- осы Шартта белгіленген мөлшердегі айып (айыппұл, өсімақы);
- Микронесие беру мен жүргізуіне байланысты оның өндіріп алынуға тиісті комиссиялық және басқа да төлемдер;
- ТФС орындауды қабылдау бойынша шығыстары.

6. Микронесиені мерзімінен бұрын төлеу тәртібі.

- 6.1. Қарыз алушы осы Шарт бойынша берілген Микронесиенің сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға құқылы. Сонымен бірге Қарыз алушы Микронесие қайтарылған күнге дейін пайдаланылған Микронесиеге қатысты осы Шарт бойынша есептелген сыйақыны төлеуге міндетті.
- 6.2. ТФС берген Микронесиені төлеуді кейінге қалдырған мерзімнен кейін, Микронесиені мерзімінен бұрын төлеген жағдайда, Қарыз алушы осы арқылы Микронесие бойынша негізгі қарызды және кейінге қалдырылған мерзім үшін есептелген қарызды төлеуге міндеттенеді, бірақ мерзімінен бұрын төлеген сәттегі Микронесені қолданғаны үшін төленбеген сыйақыны емес.

Мерзімінен бұрын ішінара төлеу

- 6.3. Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара өтеу Қарыз алушының жазбаша өтініші негізінде, бірақ ақша Өтеуге арналған шотқа іс жүзінде түскен күннен кейін жүзеге асырылады.
- 6.4. Қарыз алушының Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара жабуға жазбаша түрде жазған өтініші болмаған жағдайда төленген ақша сомасы әрекетті Төлем кестесіне сәйкес Микронесиенің кезекті төлемінің алғытөлемі ретінде саналады.
- 6.5. Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара өтеу мақсаттары үшін Қарыз алушы Өтеуге арналған шотқа қалаулы соманы енгізеді, сондай-ақ ТФС Өкіліне Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара өтеу туралы жазбаша өтініш пен ақшаның төленгенін растайтын құжатты ұсынады.
- 6.6. ТФС Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара өтеу туралы жазбаша өтініш пен ақшаның төленгенін растайтын құжатты алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Микронесиенің құрылымын өзгертеді, Қарыз алушының Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара өтеу шотына енгізген ақша сомаларын ескере отырып, жаңа Өтеу кестесін дайындайды және оны Қарыз алушыға қол қою үшін береді. Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара өтеу себебінен, сондай-ақ өзге де себептермен Өтеу кестесін өзгерту Тараптарға Шартқа қосымша келісім жасау міндеттемесін жүктемейді. Өзгертілген Өтеу кестесі Шартқа қоса тіркеліп, бұған дейін әрекет еткен бұрынғы Өтеу кестесін алмастырады.
- 6.7. Қарыз алушы осы арқылы ТФС берген Төлем кестесін алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған қол қоюға міндеттенеді, осы Төлем кестесіне сәйенс Қарыз алушы Микронесиені және Микронесие бойынша есептелген сыйақыны төлейді. Қарыз алушы Кестеге қол қоядан бас тартқан жағдайда, Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара жабу есепшотына салынған сома әрекетті Төлем кестесіне сәйкес Микронесие бойынша кезекті төлемнің алғытөлемі ретінде қабылданады.

Мерзімінен бұрын толық төлеу

- 6.8. Микронесиені мерзімінен бұрын толық өтеу мақсатында Қарыз алушы Микронесиені толық өтеу жоспарланған күнге сай келетін оның ағымдағы берешегін нақтылау үшін ТФС-ға алдын ала жүгінеді, аталған соманы Өтеуге арналған шотқа енгізеді.
- 6.9. Қарыз алушының ағымдағы қарызын мерзімінен бұрын толық жабуға жеткілікті ақша сомасы бар болған жағдайда, ТФС ақша сомасын алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Микронесиенінің мерзімінен бұрын толық жабылуын жүзеге асырады және Қарыз берушіге Кепілге салынған заттан ауыртпалықты алып тастауға қажетті құжаттарды береді. Осы тармақта көрсетілген, Кепілген салынған заттан ауыртпалықты алып тастауға қажетті құжаттарды Қарыз алушыға пошта арқылы жіберу мерзімі 5 (бес) жұмыс күні есепке алынбайды.
- 6.10. Егер Қарыз алушының ағымдағы берешегін мерзімінен бұрын толық өтеу мақсатында Өтеуге арналған шотқа енгізілген ақша сомасы жеткіліксіз болса, енгізілген ақша сомасы қолданыстағы Өтеу кестесіне сәйкес Микронесие бойынша кезекті төлемнің (төлемдердің) алдын ала өтеуі ретінде танылады.
- 6.11. Осы арқылы Қарыз алушы Микронесие бойынша қарызды толық төлегеннен кейін алынған 500 (бес жүз) теңгеге дейінгі артық төлем сомасын ТФС өзінің табысы ретінде санауына сөзсіз, мерзімсіз, қайтарып алынбайтын келісім береді.
- 6.12. Қарыз алушының қалауы бойынша және оның жазбаша берген өтінішінің негізінде ТФС, осы өтініште көрсетілген, Қарыз алушының банктік есепшотында Микронесие бойынша қарызды мерзімінен бұрын ішінара төлегеннен кейін қалған 501 (бес жүз бір) теңгеден артық мөлшердегі артық төлем сомасын Қарыз алушыға қайтарады.

Сақтандыру өтемақысын алған жағдайда Микронесиені жабу

- 6.13. Сақтандырылған жағдай орын алған кезде, ТФС пайда көруші болып табылатын сақтандыру шарты бойынша ТФС пайдасына сақтандыру өтемақысы ретінде түскен сомаларды ТФС осы Шарт бойынша Қарыз алушының Микронесие, есептелеген сыйақы және басқа да сомалар бойынша қарызын жабуға жұмсайды.
- 6.14. Егер алынған сақтандыру өтемақысы осы Шарт бойынша Қарыз алушының Микронесие, есептелеген сыйақы және басқа да сомалар бойынша қарызының мөлшерінен асып кететін болса, онда ТФС осы Шарт бойынша Қарыз алушының Микронесие, есептелеген сыйақы және басқа да сомалар бойынша қарызын сақтандыру өтемақысы есебінен жабуды жүзеге асырған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру өтемақысы мен осы Шарт бойынша Қарыз алушының Микронесие, есептелеген сыйақы және басқа да сомалар бойынша қарызы арасындағы айырмашылық сомасын (бұдан әрі – **Сақтандыру өтемақысыны қалғаны**) ТФС ақша аударылатын сәтке дейін Сақтандыру өтемақысының қалғанын аударуға алдын ала ТФС-қа Қарыз алушының берген өтінішінде көрсетілген төлем дерекнамалары мен нұсқаулықтарға сәйкес Қарыз алушының банктік есепшотына аударыды.
- 6.15. Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда ТФС Сақтандыру өтемақысының қалғанын мұрагерлікті қабылдаған Қарыз алушының мұрагерінің банктік есепшот(тар)ына мұрагер(лер)дің төлем дерекнамалары мен нұсқаулықтарына сәйкес, немесе Қолданыстағы заңнамаға сәйкес осындай нұсқаулықтар беру құқығы бар басқа тұлғалар мен органдардың төлем нұсқаулықтарына сәйкес аударыды.

6.16. Егер сақтандыру өтемақысы осы Шарт бойынша Қарыз алушының Микронесие, есептелеген сыйақы және басқа да сомалар бойынша қарызын толық көлемде жабуға жеткіліксіз болса, ТФС Қарыз алушыдан талап етуге құқылы, ал Қарыз алушы ТФС-ке сақтандыру өтемақысы түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру өтемақысы мен Микронесие, сонымен бірге сыйақы мен басқа да сомалар бойынша қарыз ақша арасындағы айырмашылықты төлеуге арналған Есепшотқа төлеуге міндетті.

7. Құқықтары мен міндеттері және куәландыру

7.1. Қарыз алушы құқылы:

- 7.1.1. Микронесие беру ережелерімен, сонымен қатар Микронесие беру бойынша ТФС тарифтарымен танысуға;
- 7.1.2. алынған Микронесиеге Шартпен белгіленген тәртіпте және талаптарда иелік ету;
- 7.1.3. егер негізгі борыштың және (немесе) сыйақының өтеу күні демалыс немесе мерекелік күнге түскен жағдайда, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу осылардан кейінгі жұмыс күні, тұрақсыздық айыбы мен өзге де айыппұл санкцияларының түрлерін төлеусіз, жүргізіледі;
- 7.1.4. Шарт бойынша Микронесие сомасын ТФС-қа мерзімінен бұрын толық немесе жартылай, тұрақсыздық айыбын немесе өзге де айыппұл санкцияларының түрлерін төлеусіз, қайтару;
- 7.1.5. Қарыз алушымен жасасқан Шарт бойынша ТФС құқықтарын (талабын) шегіну жағдайында банктік омбудсменге, «Микроқаржы ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен дауларды реттеу үшін өтінуі керек;
- 7.1.6. алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған жағдайда ТФС-ке жазбаша өтініш жасау керек;
- 7.1.7. Көлік құралын сатып алу-сату Шартының қол қойылған данасына бергеннен кейін, осы Шартқа қол қойған соң, өкілетті мемлекеттік органда автокөлік құралын кепілге қою шартын тіркегеннен және Төлем кестесіне қол қойғаннан кейін, егер бар болса Дилердің және сақтандыру компаниясының(ларының) ағымдағы есепшотына Микронесие сомасын аудару жолымен Микронесие беруін талап етуге құқылы. Егер Микронесие беру Шарты жүрген жолы бар Көлік құралына қатысты бекітілген болса, онда сатып алу-сату Шарты пішіні мен мазмұны бойынша Қолайсыз жағдайлар үшін сатып алушы ретінде Қарыз алушының алдындағы сатушы ретіндегі Дилердің жауапкершілігі туралы ТФС-ті қанағаттандыратын ереже болуы тиіс, олай болмаған жағдайда Қарыз алушы Микронесие беруді талап етуге құқы жоқ, ал ТФС Микронесе беруге міндетті емес;
- 7.1.8. Қолданыстағы заңнамада бекітілген құқықтар мен тәртіпте өз құқығын қорғауға;
- 7.1.9. Осы Шартта анықталған тәртіпте және шарттармен, Төлем кестесінде көрсетілгендей сомада Микронесие мен және есептелген сыйақыны мерзімінен бұрын ішінара немесе толық төлеуді жүзеге асыруға;

- 7.1.10. Қолданыстағы заңнама мен осы Шартта белгіленген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.
- 7.2. Қарыз алушы осы Шарт бойынша өзінің қықығын ТФС-тің алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқылы.
- 7.3. Қарыз алушы міндетті:
- 7.3.1. Осы шартқа қол қойылған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Кепілге қойылатын затты ТФС анықтаған шартпен, оның нарықтағы ағымдағы құнынан төмен емес сақтандыру сомасына немесе ТФС қарастыруымен, Кепілге қойылатын затты сақтандыру шартын бекіткен (ұзартқан) сәттегі Қарыз сомасынан төмен емес сомада сақтандыру; осы Шартқа және автокөлік құралын кепілге қою шартына сәйкес Микронесие беру туралы Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде және осы әрекеттерге қатысты барлық шығындарды көтеруге. Сонымен бірге Кепілге қойылатын зат жойылған немесе жоғалған жағдай үшін, ТФС Кепілге қойылатын затты сақтандыру шартында пайда алушы ретінде көрсетілуі тиіс;
- 7.3.2. Сақтандырудың әрекет ету кезеңін тоқтатуға немесе қысқартуға жол бермей, жоғарыдағы 7.3.1 тармақта белгіленген талаптарға сәйкес осы Шарттың бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде әрекетті болатын Кепілге қойылатын затты сақтандыру шартын бекіту;
- 7.3.3. Осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімде алған Микронесие уақытында және толық сомада қайтару және оған есептелген сыйақыны төлеу;
- 7.3.4. Микронесиені толықтай немесе ішінара және/немесе оған есептелген сыйақыны уақытында төлемеген жағдайда, осы Шартта анықталған мөлшерде және тәртіпте ТФС тұрақсыздық айыбын төлеу;
- 7.3.5. Осы Шартқа және Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ТФС талап етпен құжаттар мен мәліметтерді ТФС-тің талабында көрсетілген мерзім ішінде әкелу;
- 7.3.6. Микронесие беретін күні ТФС берген несиеге сатып алынатын Көлік құралына ТФС-тың қойған талаптарға Көлік құралының сай келуін қамтамасыз ету;
- 7.3.7. Осы Шарттың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін жағдайлардың орын алғандығы туралы ТФС-ке бірден хабарлау, оның ішінде жазатайым оқиға орын алғанда немесе Қарыз алушының денсаулығына басқадай себептермен зиян келгенде, сақтандырылған жағдай орын алғанда немесе Қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарлағанда, Қарыз алушының мүлкіне тыйым салынғанда, сонымен қатар үшінші тұлға тарапынан Қарыз алушы шағымдар және/немесе талап арыз алғаны туралы, Кепілге қойылған заттың жоғалғанда немесе күйі нашарлағанда;
- 7.3.8. Жеке куәлігі (төлқұжаты), тұрғылықты жері, жұмыс орны, сонымен қатар сауалнамада – Микронесие алуға берген өтініште көрсетілген басқа да мәліметтері, байланыс деректері/дерекнамалары ауысқан кезде, осындай өзгеріс орын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Шарттың талаптарына сәйкес ТФС-ке хабарлама жіберу;

- 7.3.9. Келіге қойылған заттың сақталғанын тексеру мақсатында ТФС-тің өкілетті тұлғаларының тексеруін қамтамасыз ету. Тексеріс саны және оның мерзімін ТФС анықтайды;
- 7.3.10. ТФС-тің алдын-ала жазбаша келісімімен не жазбаша талап етуімен осы Шартта, автокөлік құралын кепілге қою шартында және Қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайларда ТФС қойған талапта көрсетілген мерзім ішінде Кепілге қойылған затты бағасы бойынша оған теңесетін және өтімді мүлікпен ауыстыру;
- 7.3.11. ТФС қойған талапта көрсетілген мерзім ішінде ТФС-тың талаптарын қанағаттандыратындай, кепіл беруші ретінде үшінші тұлғаның осы Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қосымша қамтамасыз етуге беру немесе берілуін қамтамасыз ету;
- 7.3.12. ТФС талабы бойынша осы Шартта және Қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайларда, ТФС талаптарына көрсетілген мерзім ішінде осы Шарттың және Қолданыстағы заңнаманың шарттарына сәйкес Микронесие және оған қатысты сыйақы сомасын мерзімінен бұрын қайтаруға/төлеуге;
- 7.3.13. ТФС талабы бойынша ТФС-ке Қарыз алушының меншігіндегі мүлік туралы құжат түрінде расталған мәліметтерді, сонымен қатар ТФС талабында көрсетілген мерзім ішінде Қарыз алушының табысын растайтын басқа да құжаттарды беру;
- 7.3.14. Егер Микронесие беру туралы Шарт жүрісі бар Көлік құралына қатысты бекітілген болса, сатып алушы ретіндегі Қарыз алушының алдындағы Сатушы ретіндегі Дилердің жауапкершілігіне қатысты Сатып алу-сату Шартының талаптарына өзгертпеу ТФС-тің алдын ала берген жазбаша келісімінсіз Сатып алу-сату Шартын бұзбау;
- 7.3.15. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарында Көлік құралын өздігінен тіркеу
- 7.3.16. Қолданыстағы заңнамада және осы Шартта белгіленген басқа да талаптарды орындау.
- 7.4. ТФС құқылы:
- 7.4.1. Шартқа қол қою күніне қолданыста болған Микронесиені беру және қызмет көрсетуімен байланысты тарифтер мен комиссиялардың көлемін, Микронесие бойынша сыйақылар мөлшерлемесін біржақты тәртіпте азайту;
- 7.4.2. Микронесиенің кезекті бөлігін қайтару үшін және (немесе) сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзімін 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам Қарыз алушының бұзған жағдайында осы бойынша Микронесие сомасын және сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;
- 7.4.3. тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) мөлшерін азайтуға немесе оны толықтай немесе ішінара жоюға, ол алынбайтын кезеңді белгілеуге;
- 7.4.4. тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) алудан бас тартуға шешім қабылдауға;

- 7.4.5. осы Шарт бойынша Қарыз алушының ағымдағы қаржылық міндеттемесі мөлшерінің ұлғаюына немесе жаңа міндеттеменің пайда болуына әкеліп соқтырмайтындай болса, Үлгі ережелері өзгертуге;
- 7.4.6. Қарыз алушыдан Микронесие беру ережелерінде көрсетілген және Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қажет болатын, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді талап етуге;
- 7.4.7. Микронесие бойынша мерзімі өткен борышы және сол бойынша сыйақысы пайда болған жағдайда, Қарыз алушыдан өсімпұл және айыппұл талап ету, сондай-ақ Қолданылатын заңнамамен және кепілдік автокөлік құралдары туралы тиісті шартымен белгіленген тәртіпте Кепілдік нысанына төлетуді өндірту;
- 7.4.8. Қарыз алушыдан Микронесие бойынша оған қатысты сыйақыны, өсімпұл мен айыппұлдармен бірге қосып мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге, сонымен қатар төменде көрсетілген осы Шарт талаптарын Қарыз алушы бұзған кез-келген жағдайларда автокөлік құралын кепілге қою туралы сәйкесінше шартта және Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте Кепілге қойылған затты өндіріп алуға:
- (i) Осы Шарты бойынша өзіне алған міндеттемелерді Қарыз алушы орындамаған немесе лайықты деңгейде орындамағанда;
 - (ii) Микронесиені мақсатты түрде пайдаланбағанда;
 - (iii) Қарыз алушының күмәнді ақпарат бергендігі анықталғанда;
 - (iv) Осы Шартқа сәйкес берілген Микронесие бойынша Микронесиені қолданғаны үшін сыйақы бойынша мерзімі өткен қарызы болғанда;
 - (v) Кепілге қойылған заттың күйі нашарлағанда (бүлінгенде, бұзылғанда, құны түскенде және т.б.);
 - (vi) Осы Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде Кепілге қойылған затты сақтандыру бойынша шарттар орындалмағанда;
 - (vii) Қарыз алушы қайтыс болғанда;
 - (viii) Қарыз алушы сотқа тартылғанда және/немесе Кепілге қойылған затқа тыйым салынған немесе өндіріп алуға қойылғанда (немесе осындай міндеттемелердің туындауына нақты қауіп төнгенде);
 - (ix) Егер Қарыз алушыға қарсы осы Шарттың және автокөлік құралын кепілге қою шартының міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін қандай да бір мемлекеттік органдардың актісі, оның ішінде сот актілері қабылданған жағдайда;
 - (x) Осы Шартта және/немесе автокөлік құралын кепілге қою шартында Қарыз алушы ТФС-қа берген қандай да бір растауды немесе кепілдікті Қарыз алушы бұзғанда;
 - (xi) Қарыз алушы автокөлік құралын кепілге қою шартының талаптарын бұзғанда және/немесе Кепілге қойылған зат Қарыз алушының иелігінен шыққанда;
 - (xii) Қарыз алушы Осы шартта, автокөлік құралын кепілге қою шартында және Қолданыстағы заңнамада көрсетілгендей, ТФС жазбаша талап еткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн ішінде Кепілге қойылған затты алмастыру туралы не болмаса қосымша кепілдік беру туралы ТФС талаптарын орындамағанда, не

- Қарыз алушы автокөлік құралын кепілге қою шартында көрсетілгендей келесі кепілге (қайта кепілге қоюға) тыйым салғандығы туралы шартты бұзғанда;
- (xiii) Қарыз алушының қаржылық жағдайында орын алған маңызды қолайсыз өзгерістер, ТФС шемімі бойынша, осы Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін лайықты түрде орындау мүмкіндігіне кері әсер ететіндей болғанда;
 - (xiv) егер осы Шарт жүрісі бар Автокөлік құралына қатысты бекітілген болса, Қолайсыз жағдайлардың анықталуы немесе орын алуы;
 - (xv) Кепілге қойылатын заттың сақталуын қамтамасыз етуге, оның ішінде үшінші тұлға тарапынан қастандықтан және талаптардан қорғау үшін, қажетті шаралар қабылдау бойынша міндеттемелерін Қарыз алушының орындамауы;
 - (xvi) ТФС-тің құжат бойынша және іс жүзінде Кепілге қойылатын заттың бар екендігін, санын, күйі мен сақтау шарттарын тексеру құқығын қамтамасыз ету бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындамауы;
 - (xvii) Кепілге қойылатын затқа билік етуге қатысты осы Шарттың ережелерін Қарыз алушы орындамағанда;
 - (xviii) Қарыз алушының Кепілге қойылған заттың бұзылуына немесе оның құнының төмендетуіне әкелуі мүмкін әрекеттердің орын алмауы бойынша міндеттемелерді орындамауы;
 - (xix) Кепілге қойылған затты жоғалту немесе зақым келу қаупінің туындағандығы туралы, Кепілге қойылған затқа үшінші тұлғаның ниетті екендігі жөнінде, Кепілге қойылған затқа қатысты құқықты үшінші тұлғаның бұзғандығы туралы ТФС-қа бірден бірден хабарлау міндеттемесін Қарыз алушы бұзғанда;
 - (xx) Автокөлік құралын Дилерге кез-келген себеппен қайтарғанда;
 - (xxi) осы Шартта, автокөлік құралын кепілге беру шартында және әрекетті Заңнамада қарастырылған басқа да жағдайларда;
- 7.4.9. Қарыз алушы туралы мәліметтер мен осы Шарттың талаптары туралы, сонымен қатар ақпаратты (оның ішінде Микронесие беру құпиясынан тұратын ақпаратты, Қолданыстағы заңнамамен қорғалған коммерциялық және басқа да құпияларды), сонымен бірге Қарыз алушының жеке деректерін кез-келген үшінші тұлғаға (ТФС келісімге отырған немесе келісімге отыруға ниеттенген коллекторлық компаниялармен қоса) беруге, оған Қарыз алушы осы арқылы өзінің сөзсіз және шартсыз келісімін береді;
- 7.4.10. Осы орайда ТФС-тің осы шарттың шеңберінде Қарыз алушымен өзара қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынылатын талаптары мен шектеулері Қарыз алушының құқықтар (талаптар) шегіндірілген үшінші тұлғалардың деректерімен құқық қатынастарына таратылады;
- 7.4.11. Қарыз алушының қосымша келісімінсіз, Қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы Шарт бойынша Қарыз алушыға қойылатын талаптар құқығын, құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тұлғаға, онымен қоса коллекторлық агенттіктерге, микроқаржылық организацияларға беру, оған Қарыз беруші өзінің сөзсіз және кері қайтарылмайтын келісімін береді;
- 7.4.12. Осы Шарттың және автокөлік құралын кепілге қою шартының кез-келген ережесі бұзылған жағдайда Кепілге қойылған затты алуға;

- 7.4.13. Қарыз алушы өз қалауын бойынша кез-келген сақтандыру компаниясында Кепілге қойылатын затты сақтандыруды өздігінен жүзеге асыруда Кепілге қойылатын затты сақтандыру бойынша міндеттемені бұзған жағдайда. Сонымен бірге Қарыз алушы Кепілге қойылатын затты сақтандыруға қатысты ТФС-тың барлық шығындарын толтырады;
- 7.4.14. осы Шарттың талаптарында қарастырылғандай, Кепілге қойылатын затты сақтандыру бойынша міндеттемелерін 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам уақыт орындамаған жағдайда, Қарыз алушыға жазбаша түрде хабарлай отырып, осы Шарттың мерзімінен бұрын бұзылуын және Микронесиенің барлық қалған сомасының несие нақты қолданылған мерзімге есептелген сыйақымен бірге қайтарылуын талап етуге құқылы. ТФС осындай хабарлама жіберген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей несие нақты қолданылған мерзімге есептелген сыйақымен бірге Микрокредттің барлық қалған сомасын ТФС-ке қайтаруға міндетті;
- 7.4.15. Қолданыстағы заңда, осы Шартта және автокөлік құралын кепілге қою шартында көрсетілген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.
- 7.5. ТФС міндеттенеді:
- 7.5.1. Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар ету керек:
- құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту ықтималдығы туралы талап құқықтарының шегіну шартын жасақанға дейін, сондай-ақ Шартта қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен осындай шегінумен байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы;
 - Шартта қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтардың (талаптардың) талап құқығының шегіну құқығын жасасқан күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Микронесиені үшінші тұлғаға өтеу бойынша одан әрі төлемдерін тағайындауын көрсетумен (Шарт бойынша құқық (талап) шегіндірілген тұлғаның атауы және орналасқан жерін), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борышының, сыйақысының, комиссиясының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлының, өсімпұлының) мерзімі өткен және ағымдағы сомасы мен басқа да төлеуге жататын сомаларын төлеуді көрсете отырып, қалыптасқан өтуі туралы;
- 7.5.2. алынған қызметтері бойынша даулы жағдаяттар туындауы барысында жазбаша өтінішпен ТФС-қа Қарыз алушының өтінуі жағдайында, жауапты Қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес ұсыну;
- 7.5.3. Тараптар қол қойған Шартқа Микронесиені өтеу Кестесін мыналармен қоса ұсыну:
- жасалған Шарттың нөмірін және күнін;
 - Микронесиенің сомасын;
 - Микронесиені және сыйақыны өтеу сомасы мен олардың сомалық мәнін көрсетумен кезекті төлемдерді өтеу күні мен көлемдерін;
 - келесі өтеу күніне Микронесие өтеу қалдықтарын;
 - төлеуге жататын Микронесие иен сыйақының жалпы қорытынды сомалары мен олардың сомалық мәндерін;

- Миконесие өтеу Кестесінің жасалу күнін;
- Қарыз алушының – жеке тұлғаның таңдалған әдісі туралы белгісі бар, Микронесие өтеудің ТФС ұсынған әдістер тізбесін.

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (көлемінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгерістерін әкелетін Микронесие талаптарының өзгеруі барысында, ТФС жаңа талаптарды ескере отырып, Микронесиені өтеудің жаңа Кестесін жасайды және Қарыз алушыға береді.

Осы тармақшаның талаптары бір айдан аз мерзімге берілген Микронесиелерге таратылмайды.

7.5.4. ТФС пен Несие бюросы арасында жасалған шарттық қарым-қатынастарда белгіленген тәртіпте, Қарыз алушыға қатысты кез-келген мәлімет өзгерген немесе сондай мәлімет алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ол ақпаратты Несие бюросына беруге;

7.5.5. орналасқан орны не болмаса атауы өзгерген жағдайда, Қарыз алушыға ол туралы осы Шартта белгіленген тәртіпте оның байланыс деректері бойынша, өзгеріс орын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлауға.

7.6. ТФС-қа мыналарға тыйым салынады:

7.6.1. Шартқа қол қойылған күніне қолданыстағы сыйақы мөлшерлемелерін, Микронесиені беру және қызмет көрсетуімен байланысты тарифтер мен комиссиялардың көлемін олардың ұлғаю жағына, сондай-ақ Микронесиені өтеудің тәсілі мен әдісін біржақты тәртіпте өзгертуге;

7.6.2. жасалған Шарттың шеңберінде комиссиялар мен оларды төлеудің жаңа түрлерін біржақты тәртіпте енгізуге;

7.6.3. ТФС-ке мерзімінен бұрын толық немесе жартылай Микронесие сомасын қайтарған Қарыз алушыға Микронесиені мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін айыппұлдық санкцияларын қабылдамауға;

7.6.4. егер негізгі борыштың немесе сыйақының өтеу күні демалыс немесе мерекелік күнге түскен жағдайда, негізгі борышты және сыйақыны төлеу осылардан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбы мен өзге де айыппұл санкцияларының түрлерін ұстап қалуға;

7.6.5. кез келген валюталық эквивалентке байланған, теңгеде берілген Микронесиесі бойынша міндеттемелері мен төлемдерін индекстеуге.

7.7. Қарыз алушы осы арқылы ТФС-қа төмендегілерді растайды және кепілдік береді (Қарыз алушы осындай растаулар мен берілген кепілдіктерге сүйене отырып, ТФС осы Шартты бекіткенін мойындайды):

7.7.1. осы Шартты бекіткенге дейін Қарыз алушыға танысу және таңдау үшін Микронесие шарттары берілді, онда өкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпке сәйкес Микронесие бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде есепке алынатын комиссия және басқа да төлемдер өндіру қарастырылмаған, сонымен қатар Микронесие беру туралы шартта қарастырылған және Микронесиеге қызмет көрсету және беруге қатысты сыйақы

мөлшерлемесінен бөлек ТФС комиссия мен басқа да төлемдерді өндіруге құқылы екендігін қарастыратын Микронесиелеу шарттары

- 7.7.2. Қарыз алушыға осы Шартты бекіткенге дейін сараланған төлем жасау тәсілін, ыңғайлы төлем тәсілі және аннуитеттік төлемдер тәсілін пайдалана отырып есептелген Микронесиені төлеу кестесінің жобасы танысу және таңдау үшін берілді;
- 7.7.3. Қарыз алушыға Микронесиені алуға, қызмет көрсетуге және төлеуге қатысты төлемдер туралы ақпарат берілді, және де мұндай ақпарат толық және анық;
- 7.7.4. Қарыз алушы Микронесиені алуға қатысты өзінің құқықтары мен міндеттемелері туралы ақпарат алды;
- 7.7.5. Қарыз алушы өзіне түсінікті болған Микронесиені алу Ережелерімен, сонымен қатар Микронесиені беру бойынша тарифтармен танысты;
- 7.7.6. Қарыз алушыда осы Шартты бекітуден бас тарту мүмкіндігі болды;
- 7.7.7. Қарыз алушы ТФС-ке берген барлық ақпараттар нақты және жеткілікті болып табылады;
- 7.7.8. Қарыз алушының құқығы бар және әрекет істеуге бейім және осы Шартты бекітуге және орындауға барлық өкілдігі бар;
- 7.7.9. Қарыз алушы өзінің барлық ағымдағы қарыздары мен ауыртпалықтары, талаптары мен үшінші тұлға тарапынан оның барлық мүлкіне қатысты ниеті туралы ашып көрсетті;
- 7.7.10. осы Шартқа қол қойған сәтте болған Қарыз алушының кез-келген үшінші тұлғамен қарым-қатынасы кедергі болып табылмайды, және Қарыз алушыға осы Шартты бекітуге қатысты шектеулер қоймайды;
- 7.7.11. осы Шарт бойынша ТФС-ке тиесілі барлық төлемдер, кез-келген үшінші тұлғаның талабына қарамастан, ең бірінші кезекте жүзеге асырылатын болады, басымдылығы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған төлемдерді қоспағанда;
- 7.7.12. осы Шарттың талаптары орындалмаған жағдайда, Қарыз алушы кез-келген жағдайға, Қарыз алушы жауап бермейтін жағдайлармен қоса, арқа сүйеуге құқы жоқ және мұндай жағдайлар ТФС-тың осы Шартта қарастырылған құқықтарын іске асыруына кедергі бола алмайды;
- 7.7.13. Қарыз алушыға өзінің қаржылық жағдайына айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін жағдайлар туралы және осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелеріне жауап беру мүмкіндігі туралы оған белгісіз;
- 7.7.14. Қарыз алушы осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындау үшін Қарыз алушыға кедергі келтіруі мүмкін сот талқылауларына тартылмаған;
- 7.7.15. егер Микронесиені беру туралы Шарт жүрісі бар Көлік құралына қатысты бекітілген болса, Көлік құралына қатысты Қолайсыз жағдайлар болмайды және алдағы уақытта да туындамайды;
- 7.7.16. осы Шартқа және автокөлік құралын кепілге алу шартына сәйкес Қарыз алушы немесе үшінші тұлға кепіл беруші ретінде қосымша қамсыздандыруға жүрісі бар

көлік құралын берген немесе Кепілге қойылған затты алмастырған жағдайда, мұндай көлік құралына қатысты Қолайсыз жағдайлар болмайды және алдағы уақытта да орын алмайды;

7.7.17. Үлгі ережелері 7.7 тармағында айтылған растаулар мен кепілдіктер осы Шарттың маңызды шарттары болып табылады. Үлгі ережелері 7.7 тармағында айтылған растаулар мен кепілдіктердің кез-келгенінің бұзылуы осы Шарттың маңызды бұзылуы болып табылады және осы пунктте айтылған растаулар мен кепілдіктер бұзылған жағдайда ТФС Қарыз алушыдан Микронесие бойынша қарызды оған есептелген сыйақы, өсімпұл және айыппұлмен бірге мерзімінен бұрын төлеуін талап етуге, сонымен қатар Кепілдікке қойылған затты өндіріп алуға құқылы.

8. Микронесие шарттарының өзгеруі

- 8.1. Осы Шартты бекіткен күннен бастап 3 (үш) жыл өткенде, мерзімі өткен берешек орын алған және осы Шарттың талаптарында қарастырылғандай өсімпұл есептелген жағдайда, Тараптар Микронесие бойынша сыйақы мөлшерлемесін қайта қарауға құқылы.
- 8.2. Осы Шарттың талаптары өзгерген жағдайда, ТФС өзгеріс енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қарыз алушыға немесе оның заңды/өкілетті өкіліне осы Шартқа қосымша келісім және/немесе жаңа Төлем кестесін жолдайды, ол осы Шартқа жасалған қосымша келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.
- 8.3. Әлдеқайда кейінгі күн қойылған жаңа Төлем кестесі төлем жасауға негіз болып табылады, жаңа Төлем кестесін берген сәттен бастап күшін жоятын алдыңғы Төлем кестесін алмастырады. Сонымен бірге, жаңа Төлем кестесі осы Шарттың 9.11 тармағына сәйкес лайықты түрде берілген болып есептеледі. Осы Шарттың 9.11 тармағына сәйкес хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткеннен кейін Қарыз алушы жаңа Төлем кестесіне қол қоюдан жалтарған жағдайда, Тараптар Қарыз алушы осы Шарттың талаптарына енгізілген өзгертуді қабылдағандығын растайды.

9. Жауапкершілік.

- 9.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелер бұзылғанда осы Шартқа сәйкес, және осы Шартта қарастырылмаған жағдайларда Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес жауапкершілік арқалайды.
- 9.2. Тараптардың жауапкершілігі және Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және лайықты түрде орындамаған жағдай ТФС қолданатын іс-шаралар:
 - 9.2.1. Микронесие бойынша төлем жасау мерзімін бұзғаны үшін Қарыз алушы ТФС-қа Микронесие және/немесе оған есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен берешек сомасының 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлейді, сонымен бірге өсімпұл сомасының мөлшері осы Шарттың әрекет ететін әрбір жыл үшін берілген Микронесие сомасының 10%-ынан (он пайыз) аспайтын болады. ТФС Микронесие және/немесе оған есептелетін сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек орын алған күннің ертеңінен бастап Қарыз алушы мерзімі өткен берешекпен қоса толық төлеген күнге дейін өсімпұл есептейді.
 - 9.2.2. ТФС Көлік құралына Қарыз алушының жеке меншік құқығын растайтын құжаттарды тексеру арқылы және/немесе Көлік құралын Сатып алу-сату Шарты

бойынша Қарыз алушының тқлемдерді жүзеге асырғанын растайтын төлем құжаттарын тексеру арқылы Микронесиенің мақсатты қолданылуына тексеру жүргізеді, ал Қарыз алушы аталған құжаттарды көрсетуді ТФС талап еткен сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде аталған құжаттарды беруге міндетті.

Сонымен бірге Микронесиені мақсатсыз пайдаланғаны үшін Қарыз алушы ТФС-қа мақсатсыз тағайындалымы бойынша қолданылған Микронесие сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Сонымен қатар, Микронесиені мақсатсыз пайдаланған кезде Қарыз алушы Микронесие бойынша негізгі қарыз сомасын мерзімінен бұрын қайтаруға және осы Шарт бойынша Микронесиені қайтарған күнге есептелген Микронесиенің пайдаланылған бөлігіне қатысты сыйақыны төлеуге міндетті.

9.2.3. Қарыз алушы ТФС-қа әрбір күн үшін негізгі қарыздың ағымдағы сомасынан 0,15% (нөл бүтін жүзден он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді:

- Көлік құралын сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысы есебіне кезекті төлем жасаудың мерзімі өткенде;
- Көлік құралын сақтандыру шартының әрекет етуі тоқтатылған жағдайда Көлік құралын сақтандыруды мерзімін ұзатпағанда.

9.3. Микронесие мен оған есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек болған жағдайда, сонымен қатар осы Шартта қарастырылған басқа да жағдайларда, ТФС осы Шартта қарастырылған тәсілдермен Қарыз алушыға хабарлама жібереді, және де Қарыз алушы хабарлама көрсетілген мерзімде міндеттемесін орындамаған жағдайда, ТФС осы Шартта, автокөлік құралын кепілдікке қою шартында және Қолданыстағы заңнамада қарастырылған тәртіпте Кепілге қойылған затты өндіріп алуға құқылы, сонымен қатар Қарыз алушыдан Микронесие бойынша берешекті оған тиесілі сыйақымен, өсімпұл және айыппұлмен бірге мерзімінен бұрын төлеуін талап етуге құқылы.

9.4. Айыппұл шарасын (айыппұл, өсімпұл) есептеп және салу Тараптардың міндеттемесі емес, құқығы болып табылады, және де егер олар талап етілмеген болма, онда есептелуге және төленуге тиісті емес.

9.5. Осы Шарт пен оған жасалған Қосымшалар Қолданыстағы заңнамамен реттелетіндігіне Тараптар келіседі.

9.6. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, осы Шарттан туындаған және оған қатысты барлық даулар мен келіспеушіліктер ТФС орналасқа жер бойынша Қолданыстағы заңнамаға сәйенс сотта шешілуі тиіс.

9.7. ТФС осы Шартта қарастырылған құжаттарды беру туралы талабын Қарыз алушыға осы Шарт әрекет ететін мерзім ішінде кез-келген уақытта, ТФС-тың таңдауы бойынша келесі тәсілдердің бірімен жолдауға құқылы екендігіне Тараптар осы арқылы келісім береді және растайды:

- (i) Қарыз алушының телефон нөміріне мәтіндік хабарлама түрінде Қарыз алушыға жіберу жолымен, және/немесе
- (ii) ортақ қолданыстағы ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып, оның ішінде Ғаламтор желісі, Қарыз алушының электрондық

поштасының адресі бойынша электрондық хабарлама жіберу жолымен, және/немесе

- (iii) Қарыз алушының тіркелген мекен-жайы бойынша, Қарыз алушының тұрғылықты жері бойынша алғандығы туралы хабарламамен тапсырыс хат жіберу жолымен, және/немесе
- (iv) тікелей Қарыз алушыға талаптарды беру жолымен, және/немесе
- (v) Қарыз алушының телефон нөмірі бойынша ТФС талаптары туралы Қарыз алушыға ауызша хабарлама жеткізу жолымен, және/немесе
- (vi) өз қалауы бойынша ТФС анықтаған басқа кез-келген тәсілмен.

9.8. Осы Шарт бойынша ТФС талап еткен құжаттарды ТФС өкіліне, оған іс жүзінде алғандығы туралы қол қойғыза отырып беруге міндетті екендігіне Тараптар осы арқылы келісімдерін береді және растайды

9.9. Үлгі ережелері 7.4.1-7.4.4 тармақтарында көрсетілген талаптар өзгерген жағдайда, ТФС өз таңдауы бойынша төмендегідей тәсілдердің бірімен Қарыз алушыға хабарлама жібереді:

- (i) Қарыз алушының телефон нөміріне мәтіндік хабарлама түрінде сәйкесінше ақпарат жіберу жолымен, және/немесе
- (ii) ортақ қолданыстағы ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып, оның ішінде Ғаламтор желісі, Қарыз алушының электрондық поштасының адресі бойынша электрондық хабарлама жіберу жолымен, және/немесе

және Дилердің орналасқан жері туралы Қарыз алушы берген ақпарат бойынша Қарыз алушының орын алған өзгерістер туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

9.10. Қарыз алушыға ТФС жіберген кез-келген хабарлама төмендегі тәсілдердің бірімен Қарыз алушыға жолданған жағдайда, хабарлама лайықты түрде рәсімделген және Қарыз алушы алған болып есептелетіндігіне Тараптар осы арқылы келісім береді және растайды:

- (i) Қарыз алушының телефон нөміріне мәтіндік хабарлама жіберу түрінде;
- (ii) ортақ қолданыстағы ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып, оның ішінде Ғаламтор желісі, Қарыз алушының электрондық поштасының адресі бойынша электрондық хабарлама жіберу түрінде;
- (iii) Қарыз алушының тіркелген және/немесе тұрғылықты мекен-жайына жеткізетін пошта қызметі арқылы.

9.11. Қарыз алушының ТФС-қа жіберген кез-келген хабарламасы төмендегі тәсілдердің бірімен ТФС-қа жолданған жағдайда, хабарлама лайықты түрде рәсімделген және ТФС алған болып есептелетіндігіне Тараптар осы арқылы келісім береді және растайды:

- (i) Дилерге келген ТФС Өкіліне алғандығы туралы қолын қойғыза отырып, ТФС Өкіліне беру;
- (ii) ТФС-тің орналасқан мекен-жайына курьерлік қызмет арқылы жіберу.

9.12. Осы Шартқа сәйкес Қарыз беруші байланыс деректерінің/деректемелерінің өзгергендігі туралы ТФС-қа жазбаша түрде хабарламауы салдарынан Қарыз алушы хабарламаларды алмағаны немесе уақытында алмағаны үшін ТФС жауапкершілік арқаламайды.

9.13. Қарыз алушы хабарламаларды жөнелту және/немесе алу мақсатында кез-келген шұғыл байланыс құралдарын пайдаланудың кез-келген және барлық қатерін өзіне

қабылдайтындығын Тараптар осы арқылы растайды (үшінші тұлғаның кез-келген қасақана әрекеттерінің қатерін, оның ішінде алаяқтық, жіберілген ақпараттарға өкілеттелмеген қол жетімділікпен қоса, бірақ шектелмей, сонымен қатар шұғыл байланыс құралдарының, қызметті жеткізушілердің немесе хабарламаны беруге арналған жабдықтардың жұмысындағы мәселелерден туындаған ақпаратты Қарыз алушы/ТФС алғанға дейін ол ақпараттың жоғалуы).

- 9.14. ТФС хабарламаны беру кезінде орын алған кез-келген жаңылысуларға және/немесе соның көмегімен хабарлама берілуі және/немесе алынуы тиіс кез-келген жабдықтың бұзылуына жауапкершілік алмайды.
- 9.15. ТФС Қарыз берушінің шұғыл байланыс құралдарын пайдала отырып хабарлама жіберуге қатысты Қарыз алушы тап болуы мүмкін кез-келген шығындар үшін, ТФС хабарламаны алмауы/уақытында алмауы, үшінші тұлғалардың қасақана әрекеттері салдарынан Қарыз алушыға келген шығындармен қоса, бірақ шектелмей, жауапкершілік алмайды, егер мұндай шығындар ТФС-тің өз міндеттемелерін қасақана орындамауының немесе ұқыпсыздығының салдары болып табылатындығы дәлелденбесе.
- 9.16. Осы Шарт бойынша тараптардың құқықтық мұрагері осы Шартта айтылған талаптар құқығы мен міндеттемелерді, соның ішінде болуы мүмкін даулар мен түсініспеушіліктерді реттеуге қатысты құқық талаптары мен міндеттемелерді өзіне тікелей қабылдайды.

10. ТФС туралы ақпарат

- 10.1. ТФС пошталық мекенжайы: А05F8Y4, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 17 Наурызбай батыр көшесі, 302 кеңсе.
- 10.2. ТФС электронды адрес: care@kz.toyota-fs.com.
- 10.3. Ресми интернет-ресурс туралы ақпарат: www.toyota.kz.